

№1 «Еркетай» Алға бөбекжай балабақшасы

Тақырыбы:

« Менің Отаным Қазақстан»

(«Балдырган» ортаңғы тобының Республика күніне арналған тәрбие сағаты)



Өткізген:
Б.О. Сыдыкова

Қазан айы. 2023жыл

Мақсаты:Балалардың Отан, Қазақстан ,туған жер туралы түсініктерін кеңейту. Отанын халқын сүйуге, ержүректілікке, азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу; Еліміздің рәміздерін қастерлеуге ,туған еліне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Тәрбиеші:Балалар қазан айында қандай мерекелер бар?

Балалар: Ұстаздар күні, Қарттар күні, Республика күні.

Тәрбиеші: Балалар бүгін біз қандай мерекені тойлауға келіп отырмыз.

Балалар: Республика күні.

Тәрбиеші:

Ұлдарым төрге шықса байрақпенен,

Басталар әнұраным айбатпенен.

Рухтың ұлағатты көзі емес пе

Әнұран- әр қазаққа қайрат берген.(ҚР Мемлекеттік Әнұраны орындалады)

Тәрбиеші: Әнұранның сөзін,әнін жазған кімдер

Балалар: Сөзін:Жұмекен Нәжмеденов, Нұрсұлтан Назарбаев. Әнін: Шәмші Қалдаяқов

Тәрбиеші: Бүгінгі Республика күніне арналған «Менің отаным Қазақстан» атты тәрбие сағатымызды бастаймыз

Тәрбиеші: Ал сендер Отан жайында тақпақтар білесіңдерме?

Балалар: Ия.

ТАҚПАҚТАР

Сезім:

Отан –менің ,ата-анам,

Отан-досым, бауырым,

Отан-өлкем, астанам,

Отан-туған ауылым.

Аружан:

Сарқылмайтын қуатым,

Тірегімсің Қазақстан.

Мәңгі соғып тұратын,

Жүрегімсің Қазақстан.

Айдос:

Отаным менің Қазақстан.

Қарызбын саған әрқашан

Азаматтық борышты,

Өтеуге мәңгі талпынам.

Саид:

Көгілдір туым желбіре,

Биіктерде қалықтап .

Туым үшін мақтанам,

Әнұраным шарықтап.

Жаңылсын:

Отаным менің Қазақстан,

Атыңнан сенің айналам.

Бас иіп саған өтемін,

Жасай бер Қазақстан.

Исатай:

Асқар тауым Қазақстан,

Әсем әнім Қазақстан.

Қазақстан отаным деп,

Әрқашанда мақтана алам.

Азиза:

Отан деген атамекен,
Отан деген туған жер.
Отан-Ана, Отан үлкен,
Қазақстан туған ел.

Тәрбиеші: Қазақстан Республикасының рәміздерін атаңдаршы?

Балалар: Елтаңба, Ту, Әнұран

Ойын: «Киіз үйді құрастыр»

Тәрбиеші: «Таңбасыз ел болмайды, найзасыз ер болмайды», - дейді қазақ халқы. Кез-келген халықтың өз таңбасы болады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы мемлекеттік құжаттарға қойылады.

ӘН: «Біз бақытты баламыз»

Тәрбиеші:

Бағдарлап елдің ертеңін,
Тыныштық тауып жатпаған.
Болашақ үшін тер төгіп,
Үмітін елдің ақтаған.
Нарқына арқа жерінің,
Көрегендікпен қарады.
Жүрегі етті елінің,
Астана сынды қаланы.

Тәрбиеші: Қазақстан Республикасының Елордасы Қай қала?

Балалар: Астана қаласы.

Тәрбиеші: Ақорда

Б: Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы

Тәрбиеші: Бәйтерек

Б: Астананың басты белгісі.

Тәрбиеші: Пирамида

Б: Бейбітшілік және келісім сарайы

Тәрбиеші: Хан шатыры

Б: Астананың ең үлкен ойын –сауық орталығы. Т.б.

Тәрбиеші: Балалар ендеше туымызды бейнелейік.

Балалар бүгінгі тәрбие сағатымыз ұнады ма?

Қорытынды: Байтақ дала жерім менің

Арта берсін даңқың сенің

Көк байрағың желбіресін

Егеменді елім менің-дей келе бүгінгі «Менің Отаным Қазақстан» атты көңілді сағатымыз аяқталды.

